

**«Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-ның (ОПАБ)
балалар бөлімшесінің жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№7

20 қараша 2024 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – ОПАБ заңгері әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхар;

Жиналыс хатшысы – кадр инспекторы А.А.Жанталиева;

ОПАБ балалар бөлімшесінің қызметкерлері – 7 қызметкер.

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» (бұдан әрі *Үлгілік қағида*) түсіндіру.

Жиналысты төрағасы М.Н.Зұлпыхар ашып, жиналысқа қатысушыларды Үлгілік қағидалармен таныстырып, оның жалпы ережелерін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін және ішкі талдау нәтижелерін анықтау тәртібін түсіндіріп берді.

Әрбір квазимемлекеттік сектор субъектінде, оның ішінде ОПАБ-да міндетті түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізілуі керектігін атап өтті. Мұндай ішкі талдау жұмыстарының мақсаты ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Ішкі талдау екі бағытта: талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіліп, нәтижесі бойынша талдамалық анықтама түзілетіндігі және онда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат, оларды жою жөніндегі ұсынымдар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі көрсетілетіндігін түсіндірді.


Ағымдағы жылы ОПАБ-та 15.04.2024 жылғы №38н/қ бұйрыққа сәйкес арнайы жұмыс тобы құрылып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін, нәтижесінде ОПАБ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталғандығын және бұл тәуекелдер бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР Қаржы министрлігіне тиісті ұсыныс хаттар жолданғандығын айтып берді.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы:

 М.Н.Зұлпыхар

Жиналыс хатшысы:

 А.А.Жанталиева